КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 24 қазан №7119-25-00-2/12019 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана-Энергия» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«SULEYMEN AYLIN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана-Энергия» акционерлік қоғамы жауапкер «SULEYMEN AYLIN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «SULEYMEN AYLIN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «SULEYMEN AYLIN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Документ подписан: Кусманова А. К., 24.10.2025

Дата вступления в законную силу: 02.12.2025, судья Кусманова А. К., 02.12.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»

7119-25-3-1/12001